

Бүгінгі ұстаз келбеті

2014 жылдың 13 наурызында «Кураторлар мектебінің» ұйымдастыруымен кафедра оқытушыларына және кураторларға семинар өтті. Семинарды «Бүгінгі ұстаз келбеті» атты тақырыбында «Физика және химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к., Н.М.Мұсағалиева өткізді.

Өз сөзін х.ғ.к., Н.М.Мұсағалиева Ескендір Зұлқарнайдың сөзімен бастады: «Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым Аристотель», – десе, Абылайхан Төле биді, Шәкәрім ұлы ақын Абайды ұстазым деп, шексіз құрметтеп кеткен екен.

Сондықтан бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Семинар қызықты, өз дәрежесінде өтті.



